

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Биг Бен» туралы не білесіз?

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/34223/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жалжанов Нұрболат

«Биг Бен» деген атау (Үлкен Бен), құрылыс жұмыстарының кураторы Бэнджамин Холлдың құрметіне аталған деп саналады. Бірақ кей деректерде ауыр салмақты боксер Бенджамин Каунттың құрметіне аталған деп жазылған.

Мұнара туралы мәлімет

Мұнара 1859 жылы ағылшын сәулетшісі Огастес Пьюджинның жобасымен тұрғызылған. Ал, мұнара сағаты 1859 жылдың 31 мамырында іске қосылды. Мұнараның биіктігі мұнараның төбесін қосқанда – 96,3 метр болады. Сағаттың төменгі бөлігі 55 метр биіктікте орналасқан. 2012 жылдың қыркүйегіне дейін мұнара ресми түрде «Вестминстер сарайының мұнара сағаты» деп аталған, кей кездері Стефан мұнарасы деп те аталған болатын. Бірақ Ұлыбритания парламентінің шешімі бойынша мұнараның атауы II Елизаветаның алпыс жылдық ел басқару мерейтойына байланысты «Елизавета мұнарасы» болып өзгертілді. Бұрын мұнарада түрме болатын. Тарихта оның жалғыз тұтқыны суфражист Эммелин Панкхёрст болды.

Сағаты

Вестминстр Үлкен сағаты әлемдегі ең үлкен сағат болып табылады. Бұл алып сағатты

жер жүзінің түпкір-түпірінен келушілер жетерлік. Механизмның жалпы салмағы – 5 тонна. Циферблатасының диаметры – 7 метр. Стрелкаларының ұзындығы – 2,7 және 4,2 метр.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.